

Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидаларын, Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 19 қазанда № 17579 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидалары;
2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдері бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 70 қаулысының (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15270 болып тіркелген, 2017 жылғы 5 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Көшербаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

_____ Ә. Смайылов

2018 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 27 тамыздағы
№ 189 қаулысына
1-қосымша

Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидалары

1. Осы Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Бағалы қағаздар нарығы туралы заң) сәйкес әзірленді және эмитенттердің Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі - қаржылық есептілік депозитарийі) интернет-ресурсында Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 102-бабында көзделген ақпаратты жария ету тәртібі мен мерзімдерін айқындайды.

2. Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қаржылық есептілік депозитарийін жүргізуді жүзеге асыратын ұйым – Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу қызметін жүзеге асыруға уәкілетті "Ақпараттық-есепке алу орталығы" акционерлік қоғамы;

2) қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсы – "www.dfo.kz" мекенжайы бойынша интернет желісінде орналасқан бұқаралық ақпарат құралы;

3) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;

4) шығарылымы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген эмиссиялық бағалы қағаздар айналысының кезеңі:

акциялар үшін – уәкілетті орган акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап және акциялармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалуы мүмкін осы акциялар шығарылымының күші жойылған күнге дейінгі кезең;

облигациялар үшін – облигациялармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалуы мүмкін облигацияларды шығару проспектісінде айқындалған кезең;

пайлар үшін – уәкілетті орган пайлар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап және пайлармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалуы мүмкін инвестициялық пай қорының қызметі тоқтатылған күнге дейінгі кезең;

өзге де эмиссиялық бағалы қағаздар үшін – осы бағалы қағаздармен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалуы мүмкін эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару шарттарында айқындалған кезең;

5) электрондық есеп – Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген электрондық цифрлық қолтаңба қойылатын жылдық және (немесе) тоқсан сайынғы қаржылық есептіліктің нысандары, Қағидалардың 3, 4, және 5-тармақтарында көрсетілген ақпарат бар толтырылған тиісті шаблон.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 13.09.2021 № 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Эмитент оның эмиссиялық бағалы қағаздар айналысының кезеңінде 2-қосымшаға сәйкес, қаулымен бекітілген Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына

қойылатын талаптарға, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдеріне (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес:

орталық депозитарийдің және қаржылық есептілік депозитарийін жүргізуді жүзеге асыратын ұйымның ақпараттық жүйелерінің ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы орталық депозитарий ашатын, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 102-бабы 5-тармағының 3), 5), 6) және 6-1) тармақшаларында көрсетілген корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты қоспағанда, тізбесі Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның осы бабының 5-тармағында айқындалған корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты;

эмитенттің қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылардың құрамын,

эмитенттің әрбір осындай ұйымның акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызын иеленетін ұйымдардың тізімін,

акционерлік қоғам оларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.12.2022 № 111 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) қаулысымен.

4. Акционерлік қоғам жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жыл қорытындысы бойынша акционерлік қоғамның атқарушы органы мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыруды қамтамасыз етеді.

Жыл қорытындысы бойынша акционерлік қоғамның атқарушы органы мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратта акционерлік қоғам есепті кезеңде олардың атқарушы органның құрамында болу кезеңінде атқарушы органның мүшелеріне төлеген жалақының және ақшалай нысандағы марапаттаулардың барлық түрлерінің жиынтық мөлшері туралы мәліметтерді қоса алғанда, акционерлік қоғам есепті кезеңде атқарушы орган мүшелерінің пайдасына төлеген барлық төлемдердің жиынтық мөлшері туралы мәліметтер қамтылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақтың қолданылуы Жарлықпен енгізілген төтенше жағдайдың қолданылуы кезеңінде тоқтатыла тұрады, тоқтатыла тұру кезеңінде осы редакцияда қолданылады – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.04.2020 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Тұрақтандыру банкін, коммерциялық емес ұйымдарды және кредиттік бюроларды қоспағанда, акционерлік қоғам Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті жылдың 1 қаңтарындағы, 1 сәуіріндегі, 1 шілдесіндегі және 1 қазанындағы жағдай бойынша акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді есепті жылдың тиісінше 31 қаңтарынан, 31 мамырынан, 31 шілдесінен

және 31 қазанынан кешіктірмейтін мерзімде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді.

6. Бағалы қағаздары Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және шетел мемлекетінің аумағында жұмыс істейтін қор биржасының алаңында айналысқа түспейтін эмитент Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 102-бабы 2-тармағының бірінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген ақпаратқа қосымша есепті тоқсанның соңғы күнінен кейінгі 30 (отыз) жұмыс күні ішінде тоқсан сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында тоқсан сайынғы шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті жария етуді жүзеге асырады, ол мыналардан тұрады:

1) қаржы ұйымын қоспағанда, акционерлік қоғам үшін – Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15384 болып тіркелген, "Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген нысандарға сәйкес жасалған бухгалтерлік баланс және пайда мен зиян туралы есеп;

2) екінші деңгейдегі банкті қоспағанда, қаржы ұйымы болып табылатын акционерлік қоғам үшін – Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген, "Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысымен бекітілген нысандарға сәйкес жасалған бухгалтерлік баланс және пайда мен зиян туралы есеп;

3) екінші деңгейдегі банк болып табылатын акционерлік қоғам үшін – Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20474 болып тіркелген, "Екінші деңгейдегі банктер есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 54 қаулысымен бекітілген нысанға сәйкес жасалған екінші деңгейдегі банктің баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есеп;

4) ипотекалық ұйым болып табылатын акционерлік қоғам үшін – Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10117 болып тіркелген, "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есептілігінің тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдері мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысымен бекітілген нысанға сәйкес жасалған ипотекалық ұйымдардың баланстық және баланстан тыс шоттарындағы қалдықтар туралы есеп;

5) акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитент үшін – халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – ХҚЕС) сәйкес жасалған бухгалтерлік баланс және пайда мен зиян туралы есеп.

Бағалы қағаздары Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және оның бағалы қағаздары шетел мемлекетінің аумағында жұмыс істейтін қор биржасының алаңында айналысқа түсетін эмитент тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті, ал осы эмитенттің еншілес ұйымы бар болатын болса - ХҚЕС-қа сәйкес жасалған тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ресми тізіміне эмитенттің бағалы қағаздары кіретін, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді.

Екінші деңгейдегі банк болып табылатын, бағалы қағаздары Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және оның бағалы қағаздары шетел мемлекетінің аумағында жұмыс істейтін қор биржасының алаңында айналысқа түсетін эмитент Қағидалардың осы тармағының екінші бөлігінде көрсетілген мәліметтерден басқа, сондай-ақ ресми тізіміне эмитенттің бағалы қағаздары кіретін, Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген ақпаратты береді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.03.2022 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. "Аудиторлық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті аудит жүргізілетін эмитент жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті, ал еншілес ұйымдары болған жағдайда – мыналарға:

1) акционерлік қоғамдар (қаржы ұйымдарын қоспағанда) үшін – Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15384 болып тіркелген, "Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығымен бекітілген тізбеге және нысандарға;

2) қаржы ұйымы үшін – Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген, "Қаржы ұйымдарының қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысына;

3) бағалы қағаздары қор биржасының тізіміне енгізілген және акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитент үшін – ХҚЕС-қа сәйкес жасалған жылдық жеке жылдық

қаржылық есептілікті, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілікті және жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепті орналастыруды жүзеге асырады.

Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті эмитент Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26686 болып тіркелген, "Жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілікті депозитарийге тапсыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы № 94 бұйрығына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийіне ұсынады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.03.2022 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Эмитент қаржылық есептілік депозитарийіне ұсыну үшін корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті, акционерлік қоғамның атқарушы органы мүшелерінің есепті жыл үшін сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты, сондай-ақ акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғалары туралы мәліметтерін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған "Есептілікті тапсырудың бірыңғай жүйесі" электрондық сервисі арқылы қалыптастырады.

Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген, қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ ақпарат құрастырушының бастамасы бойынша ағылшын тілінде жасалған ақпарат, қазақ және (немесе) орыс тілдерінде, сондай-ақ ақпарат құрастырушының бастамасы бойынша ағылшын тілінде жасалған тоқсан сайынғы қаржылық есептілік және есепті жылға акционерлік қоғамның атқарушы органы мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат, акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер мынадай тәртіппен қаржылық есептілік депозитарийін жүргізуді жүзеге асыратын ұйымға ұсынылады:

1) "Есептілікті тапсырудың бірыңғай жүйесі" электрондық сервисі арқылы тиісті шаблон толтырылады;

2) шаблонды толтыру нәтижесінде эмитенттің бірінші басшысының немесе уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық есеп қалыптастырылады;

3) электрондық есепке қол қойғанға дейін оған эмитенттер "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның талаптарына сәйкес немесе өзінің бастамасы бойынша жария ететін, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында эмитенттің "электрондық досье" қосымша бетінде орналастырылатын PDF электрондық форматындағы сканерленген құжаттар қоса беріледі;

4) электрондық есеп оны қаржылық есептілік депозитарийінің құрылымына енгізу үшін қаржылық есептілік депозитарийінің серверіне жіберіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.03.2022 № 25 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Эмитенттің Қағидаларда көрсетілген тәртіпті сақтамауы және Талаптарда көрсетілген ақпараттың толық жария етілмеуі қаржылық есептілік депозитарийін жүргізуді жүзеге асыратын ұйымның электрондық есепті қабылдаудан бас тартуына негіз болып табылады.

10. Эмитент Талаптардың 10, 12, 13, 14 және 17-тармақтарына сәйкес бұдан бұрын орын алған оқиғалардың салдары болып табылатын оқиғалар туралы ақпаратты ұсыну кезінде қаржылық есептілік депозитарийінің серверіне жіберілетін электрондық есепте осы оқиға салдары болып табылатын бұдан бұрын жарияланған бастапқы оқиға бойынша қаржылық есептілік депозитарийінің серверіне келіп түскен электрондық есепті өңдеу нәтижелері туралы электрондық хабарламаның нөмірін көрсетеді.

Егер бастапқы оқиға туралы ақпарат оның туындау сәтінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастыруға тиіс болмаса, осы оқиғаның алдындағы оқиға бойынша қаржылық есептілік депозитарийінің серверіне келіп түскен электрондық есепті өңдеу нәтижелері туралы электрондық хабарламаның нөмірі көрсетіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.12.2022 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Қағидалардың 3, 4 және 5-тармақтарында көрсетілген, эмитенттер қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына ұсынатын ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийін жүргізуді жүзеге асыратын ұйым өзінің интернет-ресурсында оларды алған күні орналастырады, ақпарат жұмыс күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18-00-ден кейін ұсынылған жағдайда, мұндай ақпарат алған күннен кейінгі бірінші жұмыс күнінің Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10-00-ден кешіктірмей орналастырылады.

Қағидалардың 6-тармағында көрсетілген, эмитенттер қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсына ұсынатын ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийін жүргізуді жүзеге асыратын ұйым өзінің интернет-ресурсында оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде орналастырады.

12. Эмитенттің бастамасы бойынша электрондық есепке енгізілген және қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған ақпаратты эмитент осы Қағидалардың талабын ықтимал бұзу туралы түсіндірмелер беру туралы уәкілетті органның хабарламасын алған күнге дейін түзетуге жол беріледі.

Ескерту. 12-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.12.2022 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 27 тамыздағы
№ 189 қаулысына
2-қосымша

Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптар, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.12.2022 № 111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Ақпарат түрі	Ақпарат мазмұны	Жария ету мерзімдері
1	2	3	4
1.	Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы немесе жалғыз акционер (қатысушы) қабылдаған шешімдер туралы ақпарат)	1) эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны; 2) эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілген мәселелер; 3) акционерлік қоғам акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысында қабылданған шешімдер, дауыс берудің (нәтижелердің) қорытындысын көрсетумен; 4) акционерлік қоғам акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысында эмитентті, оның еншілес ұйымдарын ерікті түрде тарату немесе ерікті түрде қайта құру туралы шешім қабылданған жағдайда: қайта құрылатын немесе таратылатын заңды	акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысы немесе жалғыз акционер (қатысушы) шешім қабылдаған

	<p>тұлғаның орналасқан жері атауы; эмитентті қайта құру нысаны мен талаптары;</p> <p>5) қажет болған кезде өзге де мәліметтер.</p> <p>Эмитенттің жалғыз акционері (қатысушысы) болған жағдайда жалғыз акционердің (қатысушының) шешім қабылдаған күні, жалғыз акционердің (қатысушының) қабылдаған шешімдері, эмитенттің шешімі бойынша өзге де мәліметтер көрсетіледі.</p>	<p>күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.</p>
<p>Эмитенттің басқару органының (байқаушы</p>	<p>1) шешім қабылдаған эмитент органының атауын көрсетумен эмитент органының құрамын сайлау (тағайындау) не оның өзгеруі туралы шешім қабылдаған күні. Егер басқару органы және (немесе) атқарушы орган мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, олардың бастамасы бойынша жүзеге асырылған жағдайда, онда эмитенттің басқару органының жазбаша хабарламасын алған күні көрсетіледі;</p> <p>2) құрамы сайланған (тағайындалған) не өзгерген эмитент органының атауы;</p> <p>3) эмитент органының құрамы не эмитенттің органы құрамына өзгерістердің мәні: орган құрамына сайланған (тағайындалған) адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), орган құрамына сайланған (тағайындалған), сондай-ак орган</p>	<p>эмитент органының құрамын сайлау (тағайындау) не эмитент органы құрамының өзгеруі туралы шешім қабылдаған күннен кейін (немесе эмитенттің басқару органы жазбаша</p>

2.

кеңесінің), атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) құрамын көрсете отырып, эмитенттің басқару органын (байқаушы кеңесін), атқарушы органын (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаны) сайлау, сондай-ақ эмитенттің басқару органының (байқаушы кеңесінің), атқарушы органының (атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) құрамындағы өзгерістер туралы ақпарат

құрамынан шығарылған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);
4) эмитент органының құрамына кіретін әрбір адамның тегін, атын, әкесінің атын (ол бар болса) көрсете отырып, эмитент органына енгізілген өзгерістер ескерілген құрамы;
5) эмитенттің директорлар кеңесі сайланған (тағайындалған) мүшесіне тиесілі дауыс беретін акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлесі) эмитенттің дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесі) жалпы санына пайыздық арақатынасы;
6) еншілес ұйымдардағы эмитенттің директорлар кеңесі сайланған (тағайындалған) мүшесіне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталға қатысу үлесі) осы ұйымдардың орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесі) жалпы санына пайыздық арақатынасы.
Егер эмитенттің акционерлерінің (қатысушылар) жалпы жиналысында және (немесе) директорлар кеңесінде (қадағалау кеңесін) эмитенттің органдары құрамының өзгеруі туралы ғана шешім қабылданған жағдайда осындай шешім туралы ақпарат бұл жөнінде көрсетіле отырып, осы қосымшаның 2-

хабарламаны алған

		тармағына сәйкес қана орналастырылады.	күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.
3.	Эмитенттің қатысушыларының құрамы туралы және (немесе) қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылардың құрамындағы өзгерістер туралы ақпарат	<p>1) эмитенттің қатысу үлестерінің он және одан да көп пайызына ие қатысушылардың құрамы :</p> <p>жеке тұлға үшін - тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); заңды тұлға үшін - заңды тұлғалардың толық атауы мен орналасқан жері;</p> <p>2) эмитенттің қатысу үлестерінің он немесе одан көп пайызына иеленетін қатысушылардың құрамын өзгерту күні (эмитент бағалы бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінде өзгерістер енгізу немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесі тіркелген күні немесе Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде);</p> <p>3) эмитенттің қатысушылардың құрамындағы өзгерістердің мәні: жеке тұлға үшін - қатысушылардың құрамына енгізілген не қатысушылардың құрамынан шығарылған тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); заңды тұлға үшін - қатысушылардың құрамына енгізілген не қатысушылардың құрамынан шығарылған заңды тұлғаның толық атауы мен орналасқан жері.</p>	эмитент бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесіндегі немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі немесе Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімінде өзгерістердің тіркелуін растайтын құжаттарды алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде.
	Эмитенттің директорлар кеңесі қабылдаған немесе акционерлік қоғам болып	<p>1) шешім қабылданған күн;</p> <p>2) эмитенттің директорлар кеңесі қабылдаған немесе</p>	

4.	табылмайтын эмитенттің акционерлердің (қатысушылардың) жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілген тиісті органының шешімі туралы ақпарат	акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің акционерлердің (қатысушылардың) жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілген тиісті органының шешімі; 3) қажет болған кезде өзге де мәліметтер.	эмитенттің директорлар кеңесі немесе осы шешімді қабылдауға өкілетті акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің тиісті органы шешім қабылдаған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.
5.	Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі қабылдаған акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны ш е г і н д е орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы ақпарат	1) шешім қабылданған күн; 2) директорлар кеңесі қабылдаған шешім (шешімдер); 3) орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың түрі және саны; 4) орналастыру тәсілі; 5) орналастыру (өткізу) бағасы; 6) қажет болған кезде өзге де мәліметтер.	акционерлік қоғамның директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.
6.	Акционерлік қоғамның директорлар кеңесі қабылдаған, егер қоғам сатып алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының бір пайызынан асып түссе, акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау туралы ақпарат	1) шешім қабылданған күн; 2) қоғамның директорлар кеңесі қабылдаған шешім (шешімдер); 3) қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын акциялардың түрі және саны; 4) қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын акциялардың бағасы; 5) қоғамның бастамасы бойынша акцияларды сатып алу мерзімі мен талаптары; 6) қажет болған кезде өзге де мәліметтер;	акционерлік қоғамның директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.
	Эмитенттің директорлар кеңесі қабылдаған немесе	1) шешім қабылданған күн; 2) шешім қабылдауға уәкілетті акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің тиісті органымен немесе	

7.	<p>акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдауға уәкілеттік берілген тиісті органының шешімі туралы ақпарат</p>	<p>директорлар кеңесімен қабылданған шешім (шешімдер); 3) облигациялар мен туынды бағалы қағаздардың саны мен түрі; 4) номиналды құны және номиналды құн валютасы ; 5) шығарылымның көлемі; 6) қажет болған кезде өзге де мәліметтер.</p>	<p>эмитенттің директорлар кеңесі немесе осы шешімді қабылдауға уәкілетті акционерлік қоғам болып табылмайтын эмитенттің тиісті органы шешім қабылдаған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.</p>
8.	<p>Акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысы немесе акционерлік қоғамның директорлар кеңесі бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келетін : акционерлік қоғамның оларды жасасуға мүдделігі бар және акционерлік қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны акционерлік қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын</p>	<p>1) ірі мәміле және (немесе) мүдделігі бар мәміле туралы шешім қабылдау күні; 2) акционерлердің (жалғыз акционердің) жалпы жиналысында немесе акционерлік қоғамның директорлар кеңесі қабылдаған шешім (шешімдер); 3) мәміле түрі; 4) мәміле мәні; 5) ірі мәміленің және (немесе) мүдделілігі бар мәміленің мәні болып табылатын мүлік құнының пайыздық мөлшерлемесі акционерлік қоғам органы осындай мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күнгі осы акционерлік қоғам активтерінің жалпы құнына пайыздық арақатынасы. Егер акционерлік қоғамның ірі мәмілені және (немесе) мүдделілігі бар мәмілені жасауы туралы шешімде банктік құпияны, сақтандыру құпиясын, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын</p>	<p>акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) немесе акционерлік қоғамның директорлар кеңесі шешім қабылдаған</p>

	<p>мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын ірі мәмілелер және (немесе) мәмілелер жасау туралы қабылдаған шешім туралы ақпарат</p>	<p>өзге де құпияны құрайтын ақпарат болса, ақпаратты орналастыру кезінде ірі мәмілені және (немесе) мүдделілігі бар мәміле жасау туралы шешім қабылданған күн ғана, сондай-ақ контрагенттің келісімі болған жағдайда акционерлік қоғамның шешімі бойынша өзге де ақпарат жарияланады. Акционерлік қоғамның ірі мәмілені және (немесе) мүдделілігі бар мәмілені жасауы туралы бір жұмыс күні ішінде бірнеше шешім қабылдаған кезде акционерлік қоғамның осындай бірнеше шешім бойынша ақпарат қамтылған бір өтінімді ұсынуы арқылы осындай шешімдер бойынша ақпарат беруге жол беріледі.</p>	<p>күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде.</p>
<p>9.</p>	<p>Эмитент әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан көп пайызын иеленетін ұйымдардың тізімі және (немесе) ұйымдар тізіміндегі өзгерістер туралы ақпарат</p>	<p>1) эмитент әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан көп пайызын иеленетін ұйымдардың тізімі; 2) эмитент акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан көп пайызын иеленген (иелігі тоқтаған) ұйымның толық атауы; 3) акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп пайызына эмитент иеленген ұйымдар тізімінің өзгерген күнінен кейінгі күніне сәйкес ұйымның акциялар (үлестер, пайлар) мөлшерінің орналастырылған акциялардың (үлестердің,</p>	<p>эмитент ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан көп пайызын иеленгенін (иелігі тоқтағанын) растайтын құжаттарды</p>

		пайлардың) жалпы мөлшеріне пайыздық арақатынасы.	алған соң 3 (үш) жұмыс күні ішінде.
<p>Акционерлік қоғамның ірі мәмілелерді және (немесе) бір мезгілде мынадай шарттарға сай келетін: акционерлік қоғамның оларды жасасуға мүдделігі бар және акционерлік</p>		<p>1) ірі мәміле туралы және (немесе) қоғамның уәкілетті органы сондай мәміле жасау туралы шешім қабылдаған жасалуында мүдделігі бар мәміленің немесе қосымша келісімнің (шартқа қосымша келісімнің) жасалған күні ;</p> <p>2) ірі мәміленің және (немесе) мүдделілігі бар мәміленің мәні, мәміле тараптарының атауы;</p> <p>3) акционерлік қоғамның органы ірі мәміле және (немесе) мүдделігі бар мәміле жасасу туралы шешім қабылдаған күні;</p> <p>4) ірі мәміле және (немесе) мүдделігі бар мәміле жасасу туралы шешімді акционерлік қоғам органы қабылдаған күнге ірі мәміле және (немесе) мүдделігі бар мәміле мәні болып табылатын мүліктің құны ;</p> <p>5) мәміле және (немесе) мүдделігі бар мәміле мәні ақша және (немесе) бастапқы нарықтағы шығарылған (орналастырылған) бағалы қағаздар болып табылатын жағдайларды қоспағанда) ірі мәміленің және (немесе) мүдделігі бар мәміленің мәні болып табылатын мүліктің соңғы бағалау күні;</p> <p>6) акционерлік қоғам органы ірі мәмілені және (немесе) мүдделігі бар мәмілені жасау туралы шешім қабылдаған күнге акционерлік қоғамның активтерінің жалпы құнына ірі мәміленің</p>	<p>акционерлік қоғам шарт немесе шартқа қосымша келісім жасау сәтінен; ірі мәмілені және (немесе) мүдделігі бар мәмілені жасау үшін міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеу қажет болған жағдайда, акционерлік қоғам оның мемлекеттік немесе өзге тіркеуін растайтын құжатты алған</p>

10.

қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны акционерлік қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылатын мәмілелерді жасауы туралы ақпарат

және (немесе) мүдделігі бар мәміленің мәні болып табылатын мүліктің құнының пайыздық арақатысы.

7) ірі мәміле және (немесе) мүдделігі бар мәміле тараптары, сатып алынған немесе иелігінен шығарылатын активтер, мәміле мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәлімет, сондай-ақ бар болса, мәміле туралы өзге мәлімет.

Егер акционерлік қоғамның ірі мәміле және (немесе) мүдделігі бар мәміле жасасу туралы шарты Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын банк құпиясы, сақтандыру, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны және басқа да құпия болып табылатын ақпаратты қамтитын болса акционерлік қоғамның мәміле туралы ақпаратты орналастыру кезінде тек жасасу күні, сондай-ақ контрагенттің келісімі болған жағдайда акционерлік қоғамның шешімі бойынша басқа да ақпарат жарияланады. Бір жұмыс күні ішінде акционерлік қоғамның ірі мәміле және (немесе) жасалуында мүдделігі бар мәміле жасау туралы бірнеше шешімдер қабылдаған кезде осындай мәмілелер бойынша ақпаратты акционерлік қоғамға осындай бірнеше шешімдер бойынша ақпарат қамтылған бір

күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

		өтінім ұсыну арқылы ақпарат беруге рұқсат етіледі.	
11.	Эмитентті мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі туралы ақпарат	<p>1) эмитентті, еншілес ұйымдарын және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта құру туралы шешім қабылдаған күні;</p> <p>2) эмитентті, еншілес ұйымдарын және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта құру туралы шешім қабылдаған мемлекеттік органның атауы;</p> <p>3) эмитентті, еншілес ұйымдарын және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлеп тарату немесе қайта құру туралы шешім қабылдау негізі;</p> <p>4) эмитенттің қайта құрылатын еншілес ұйымдарының және (немесе) қайта құрылатын тәуелді ұйымдарының орналасқан жері мен атауы;</p> <p>5) эмитенттің, еншілес ұйымдарының және тәуелді ұйымдарының қайта құрылу формасы мен талаптары;</p> <p>6) эмитенттің, еншілес ұйымдарының және тәуелді ұйымдарының қайта құрылуының өзге де талаптары.</p>	соттың тиісті шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.
		<p>1) кепілге беру (қайта кепілге) туралы эмитент органының шешім қабылдаған күні;</p> <p>2) эмитенттің мүлкін кепілге беру (қайта кепілге беру) құқығы туындаған күні;</p> <p>3) эмитенттің кепілге берілетін (қайта кепілге берілетін) мүлігінің құны ;</p> <p>4) эмитенттің кепілге (қайта кепілге) берілетін</p>	Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес кепілі тіркелуі тиіс мүлікке қатысты - осы эмитенттің активтерінің жалпы баланстық құнының он және одан да көп пайыз сомасын құрайтын мүлікті кепілге беру (қайта кепілге беру) шартын тіркелгенін

12.

Эмитенттің мүлкін осы эмитент активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ эмитенттің мүлкін осы эмитент активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын сомаға кепілден (қайта кепілден) шығару туралы ақпарат

мүлкін соңғы бағалау күні (егер мұндай бағалауды жүргізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілсе);

5) эмитент органы эмитенттің мүлкін кепілге беру (қайта кепілге беру) туралы шешімді қабылдау күнінде кепілге (қайта кепілге) берілетін мүлік құнының осы эмитент активтерінің жалпы құнына пайыздық арақатынасы;

б) кепілден (қайта кепілге беруден) алып тастау күні.

Егер эмитент жасаған эмитенттің мүлкін кепілге беру (қайта кепілге беру) туралы мәміле бір уақытта ірі мәміле және (немесе) жасалуында эмитенттің мүдделігі бар мәміле болып табылады, осындай мәміле туралы ақпарат бұл жөнінде көрсете отырып, осы қосымшаның 12-тармағына сәйкес қана орналастырылады.

Егер эмитенттің мүлкін кепілге беру (қайта кепілге беру) туралы шартта банктік құпияны, сақтандыру құпиясын, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болса, мүлікті кепілге беру (қайта кепілге беру) туралы ақпаратты орналастыру кезінде шарт жасалған күн ғана,

растайтын құжаттарын алған;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес кепілі тіркелмейтін мүлікке қатысты - осы эмитенттің активтерінің жалпы баланстық құнының он және одан да көп пайыз сомасын құрайтын мүлікті кепілге беру (қайта кепілге беру) шартын жасаған;

осы эмитенттің активтерінің жалпы баланстық құнының он және одан да көп пайыз сомасын құрайтын эмитент мүлігін кепілден (қайта кепілге беруден) шешкенін растайтын құжаттарын алған күннен

		<p>сондай-ақ контрагенттің келісімі болған жағдайда эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат жарияланады.</p>	<p>кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде.</p>
<p>13.</p>	<p>Құны эмитент активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің мүлкіне тыйым салу (мүліктен тыйымды алу) туралы ақпарат</p>	<p>1) эмитенттің активтерінің жалпы баланстық құнының он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікке тыйым салу (мүліктен тыйымды алу) туралы қабылданған шешімнің күні, нөмірі; 2) эмитенттің активтерінің жалпы баланстық құнының он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікке тыйым салу (мүліктен тыйымды алу) туралы шешім қабылдаған мемлекеттік органның атауы, тыйым салудың негізі; 3) эмитенттің тыйым салынған (тыйым салу алынып тасталған) мүліктің атауы және эмитенттің мүлкіне тыйым салынған (тыйым салу алынып тасталған) күнге эмитенттің активтерінің жалпы құнына пайыздық арақатынасы. Егер банктердегі, банктің жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы борышкердің ақшасына тыйым салынған (тыйым салу алынып тасталған) жағдайда - тыйым салынған (тыйым салу алынып тасталған) ақша сомасын көрсету. Егер эмитенттің бағалы қағаздарына тыйым салынған (тыйым салу алынып тасталған) жағдайда - тыйым салынған (тыйым салу алынып тасталған)</p>	<p>эмитенттің активтерінің жалпы баланстық құнының он және одан да көп пайыз сомасын құрайтын мүлігіне тыйым салу (мүліктен тыйымды алу) туралы шешімді алған күннен</p>

		<p>бағалы қағаздардың жалпы саны, олардың түрлері, сәйкестендіру нөмірі, осы бағалы қағаздардың эмитенті туралы мәлімет.</p>	<p>кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде.</p>
<p>14.</p>	<p>Эмитент активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде эмитенттің қарыз алуы, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу туралы ақпарат</p>	<p>1) эмитент органының қарызды алу (кредит желісі) туралы шешім қабылдаған күні; 2) қарызды (кредит желісін) алу туралы шарт жасалған күні; 3) эмитент алған қарыздың (кредит желісінің) шартта белгіленген жалпы мөлшері; 4) эмитенттің қарызды алу мақсаты; 5) эмитент алған қарыздың (кредит желісінің) мөлшеріне эмитент органының қарызды алу туралы шешім қабылдаған күні эмитенттің активтерінің жалпы баланстық құны мөлшеріне пайыздық арақатынасы; 6) негізгі берешекті және аталған қарыз бойынша есептелінген сыйақыны толық төлеген күні.</p> <p>Егер кредит желісі бойынша есептелген сыйақыны ескере отырып шығарылған және өтелмеген кредиттің жалпы сомасы эмитенттің активтерінің жалпы баланстық құнының жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерге жеткен жағдайда, эмитент екінші деңгейлі банкпен кредит желісін жасағаны жайлы корпоративтік оқиға туралы ақпарат орналастырылады.</p>	<p>эмитент активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде эмитенттің қарыз алуы немесе кредит желісі туралы шартын жасаған немесе эмитенттің осы қарыз немесе кредит желісі бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеген; есептелген сыйақы есебімен бір кредит желісі аясында алынған және өтелмеген қарыздың жалпы сомасы</p>

		<p>Акционерлік қоғамның қарызды алу бойынша жасалған мәмілесі бір мезгілде ірі мәміле және (немесе) акционерлік қоғамның оны жасауға мүдделілігі бар мәміле болып табылса, мұндай мәміле туралы ақпарат бұл туралы көрсетумен осы қосымшаның 14-тармағына сәйкес ғана орналастырылады.</p> <p>Егер эмитенттің қарыз алуы туралы шартта банктік құпияны, сақтандыру құпиясын, бағалы қағаздар нарығындағы коммерциялық құпияны және Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болса, эмитенттің қарыз алғаны туралы ақпаратты орналастырған кезде шарт жасалған күн ғана, сондай-ақ контрагенттің келісімі болған жағдайда эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат жарияланады.</p>	<p>эмитент активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан көп пайызына жеткен күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде.</p>
15.	<p>Солардың нәтижесінде баланстық құны эмитент активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан көп пайызын құраған эмитенттің мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталуы туралы ақпарат.</p>	<p>1) эмитенттің мүлкінің жойылуына әкеп соққан төтенше сипаттағы мән-жайлар туындаған күн; 2) төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы нәтижесінде жойылған эмитенттің мүлкінің атауы; 3) төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы нәтижесінде жойылған эмитенттің мүлкінің баланстық құны .</p>	<p>эмитенттің активтерінің жалпы баланстық құнының он және одан көп пайызын құрайтын эмитент мүлкінің жойылуына әкеп соққан төтенше сипаттағы мән-жайлар туындаған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.</p>
		<p>1) корпоративтік дау бойынша талапкер, жауапкер туралы мәлімет</p>	

16.	Сотта корпоративтік дау бойынша істі қозғау туралы ақпарат	<p>(жеке тұлға үшін) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), (заңды тұлға үшін) толық атауы, орналасқан жері;</p> <p>2) талап-арыз берген күні, шағым талаптардың қысқаша мазмұны;</p> <p>3) корпоративтік дау бойынша талап-арыз қаралатын соттың атауы.</p>	эмитент корпоративтік дау бойынша азаматтық іске қатысты тиісті сот хабарламасын (шақыруын) алған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде.
17.	Бірінші санаттағы рұқсаттарды алу (тоқтату, тоқтата тұру) туралы ақпарат	<p>1) бірінші санаттағы рұқсатты берген, бірінші санаттағы рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату туралы шешім қабылдаған рұқсат беру органының атауы;</p> <p>2) бірінші санаттағы рұқсаттың берілген күні, нөмірі, рұқсаттың қолданылу мерзімі;</p> <p>3) бірінші санаттағы рұқсатқа сәйкес жүзеге асырылатын қызмет түрінің атауы;</p> <p>4) рұқсат беру органының бірінші санаттағы рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру (тоқтата тұру мерзімі), қолданылуын жаңарту күні туралы шешімді қабылдаған күні;</p> <p>5) бірінші санаттағы рұқсатты тоқтата тұруға (жаңартуға) негіздеме;</p> <p>6) жүзеге асырылуына рұқсаты тоқтатыла тұрған (жаңартылған) қызмет түрінің атауы;</p> <p>7) рұқсат беру органының бірінші санаттағы рұқсаттың қолданылуын тоқтата тұру туралы шешімді қабылдаған күні;</p> <p>8) бірінші санаттағы рұқсаттың қолданылуын тоқтатуға негіздеме;</p>	уәкілетті органда тіркелген жарғыны және (немесе) жарғыға өзгертулерді алған

		9) жүзеге асырылуына рұқсаты тоқтатылған қызмет түрінің атауы.	күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде.
18.	Мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитентінің негізгі қызмет түрлерін өзгертуі туралы ақпарат	1) қызметтің негізгі түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау күні; 2) өзгерген қызмет түрлерінің атауы; 3) эмитент жарғысын және (немесе) жарғысына өзгертулерді мемлекеттік тіркеу күні; 4) жарғының және (немесе) жарғыға өзгертулердің сканерленген көшірмесі.	уәкілетті органда тіркелген жарғыны және (немесе) жарғыға өзгертулерді алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде.
19.	Акционерлік қоғам бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесі	1) құрылтайшылардың жалпы жиналысы (жалғыз құрылтайшы) қабылдаған шешім күні 2) акционерлік қоғам акционерлерінің (жалғыз акционерінің) жалпы жиналысы әдістемені бекіту туралы қабылдаған шешім күні, егер ол құрылтай жиналысында бекітілмеген болса; 3) акционерлік қоғам акционерлерінің (жалғыз акционерінің) жалпы жиналысы әдістемеге өзгерістерді бекіту туралы қабылдаған шешім күні; 4) барлық өзгерістер мен толықтырулармен қоса әдістеменің PDF форматындағы электрондық нұсқасы.	акционерлік қоғамның құрылтай жиналысында (жалғыз акционері) әдістеме бекітілген жағдайда уәкілетті органның акциялар шығарылымы проспектісін мемлекеттік тіркелгенін растайтын құжаттарды алған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында (жалғыз акционер) әдістеме және (немесе) әдістемеге өзгерістер бекітілген жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционер) шешім қабылдаған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде.
		1) эмитенттің жарғысы мен эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне сәйкес эмитенттің акционерлерінің (қатысушыларының) және (немесе) инвесторлардың мүддесін қозғайтын мәліметтер; 2) эмитент мемлекеттік емес облигациялар	егер "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының заңында және Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда бағалы қағаздарды ұстаушылардың назарына жеткізудің өзге мерзімдері көзделмеген

20.	Эмитенттің жарғысына және эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне сәйкес эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) және (немесе) инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпарат	шығару проспектісінде көзделген талаптарды сақтамаған кезде: облигациялардың ұлттық сәйкестендіру номері (ҰСН) немесе халықаралық сәйкестендіру коды (ISIN), облигациялардың түрін, орналастырылған облигациялардың санын, купон мөлшерлемесінің мөлшерін, дефолт күнін, купондық сыйақы бойынша берешек сомасын, негізгі борыш бойынша берешек сомасын, реттелмеген борыш қалдығын көрсете отырып, орындалмаған міндеттемелер сомасы, міндеттемелерді орындамау себептері.	жағдайда, эмитенттің жарғысына және эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне сәйкес эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) және (немесе) инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туындаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде . Эмитенттің мемлекеттік емес облигациялар шығару проспектісінде көзделген талаптарды сақтамаған күнінен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде
-----	--	---	--

Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидаларына қосымша
Нысан

Акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер (акционерлік қоғамның атауы)

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.06.2020 № 68 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімінің деректеріне сәйкес жарияланған акциялар шығарылымын халықаралық сәйкестендіру номері (ISIN коды) және күні			Үлестес тұлғалар туралы мәліметтер ұсынылатын күн			
Жеке тұлғалар						
№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Туған күні, ж е к е сәйкестендіру номері (ЖСН)	Үлестестігін тану негіздері	Үлестестігінің туындау күні	Резиденттігі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы:

Заңды тұлғалар						
		Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні мен номері,				

№	З а н д ы т ұ л ғ а н ы ң т о л ы қ а т а у ы	б и з н е с - с ă й к е с т е н д і р у н ă м і р і (БСН), з а н д ы т ұ л ғ а н ы ң п о ш т а л ы қ м е к е н ж а й ы ж ă н е н а қ т ы о р н а л а с қ а н ж е р і	Ү л е с т е с т і г і н т а н у н е г і з д е р і	Ү л е с т е с т і г і н і ң т у ы н д а у к ү н і	Р е з и д е н т т і г і	Е с к е р т п е
1	2	3	4	5	6	7

Атауы _____ Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы, телефоны _____

Бірінші басшы немесе ол есепке қол қоюға уәкілеттік берген тұрған тұлға _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы, телефоны _____

Күні 20__ жылғы " ____ " _____

Акционерлік қоғамның үлестес
тұлғалары туралы мәліметтер
нысанына қосымша

"Акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер" нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі - Түсіндірме) "Акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер" нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Формат "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес әзірленген.

3. Нысанды акционерлік қоғам тоқсан сайын жасайды және есепті жылғы 1 қаңтардағы, 1 сәуірдегі, 1 шілдедегі және 1 қазандағы жағдай бойынша толтырады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 3-бағанда жеке тұлғалар болып табылатын, акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді көрсету үшін туған күні - кк.аа.жж (күні/айы/жылы) форматында жеке жолдарға бөлусіз жеке сәйкестендіру нөмірімен (ЖСН) бір бағанда көрсетіледі.

5. 3-бағанда заңды тұлғалар болып табылатын, акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді көрсету үшін заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), заңды тұлғаның пошталық мекенжайы және нақты орналасқан жері жеке жолдарға бөлусіз бір бағанда көрсетіледі.

6. 4-бағанда "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1 және 1-1-тармақтарының тиісті тармақшасына немесе "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 2-1-бабына сілтеме жасау қажет - екінші деңгейдегі банктер үшін.

7. 5-бағанда үлестестігінің туындау күні - кк.аа.жж (күні/айы/жылы) форматында көрсетіледі.

8. 3 және 5-бағандарда күндер толығымен цифрлармен толтырылады және акционерлік қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен акционерлер және акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары ұсынған ақпарат негізінде белгіленеді.

9. Жеке тұлға болып табылатын акционерлік қоғамның үлестес тұлғасының жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) және резиденттігі қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашық қол жеткізу арқылы жарияланбайды.